



8 Наурыз

**ҚҰТТЫҚТАУ****Қымбатты аяулы аналар, қадірлі ақ жаулықты әжелер, арулар!**

Баршаныңды жер дүниенің шуағына бөлеп, тіршілікке нәр берген көктемнің алғашқы мерекесі алдағы сегізінші наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әйел жанының жылулығы мен сұлулығы, мейірімділігі мен кендігі әлемге рух беріп келеді. «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деген сөз өміршендігімен құнды. Нәзік жандылардың аялы алақаны, нұрлы жүзі, жан шуағы әрбір отбасын ғана емес, бүкіл ғаламды ортақ адамзаттық биік мақсаттарға ұмтылдырып, бейбіт, берекелі ғұмыр кешуге үндеп келеді. Бүгінгі таңда туған жеріміз Зайсан өңірінің түрлі саласында қажырлы еңбек етіп, денсаулық, ғылым мен білім саласында, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген, билік пен бизнесте парасаты мен пайымын, біліктілігін, таны мен талғамын ісімен дәлелдеп, әскерлігімен танылған жерлестеріміздің есімі мақтанышпен аталады. Тағулық пен ынтымақтың, бірлік пен берекенің бекем болуына ардақты ақ жаулықты әжелеріміздің, аналарымыздың, аруларымыздың қосып жүрген үлесі де сүбелі. Әйел қашанда тіршіліктің тірегі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Халқымыз әрқашан әйел затын қастерлеп, оны ырыс пен ынтымақтың алтын қазығына балаған.

«Отан от басынан басталады», демекші, дана халқымыз. Еліміздің көркейіп, гүлденуі, дамыған мемлекетке айналуы әрбір отбасындағы берекелі тірліктен бастау алады. Ал әр әулеттің берекесі шапырақтың ұйытқысы ананың қолында екені баршамызға белгілі. «Ер елдің иесі, әйел үйдің киесі» демекші, әрбір әйел заты береке мен бірліктің бастауы ретінде бағаланады. Аналар әлемге мейірім мен жаңа өмір сыйлаушы нәзік жандар. Әрбір шапырақтың шаттығын жарастырып отырған аяулы жандарға зор құрмет көрсету қай ұрпақтың да перзенттік парызы болып саналады.

Табиғат ананың жаңарып, мейірім жылылығын ала келетін көгілдір көктеммен бірге келген мерейлі мерекеде баршаныңға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық бақыт пен қуаныш, шапырақтарыңызға шаттық тілейміз! Көктемнің гүліндей құлпырып, ұзақ та баянды ғұмыр кешіңіздер!

Құрметпен: АЭЛИТА АХМЕТСӨЛІМҚЫЗЫ,

аудан әкімі.

ЕРКЕБҰЛАН ЗАҒЫПАРОВ.

аудандық мәслихат төрағасы.

**Құрметті аналар, аяулы әжелер!**

Сіздерді көктемнің шуағымен бірге келетін тамаша мереке – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктем мерекесі сіздерге қуаныш, махаббат және жарқын күндер сыйласын!



Ізгі тілекпен: Т. Молдаханов,  
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**Референдум****Конституциялық өзгерістер – ардагерлер талқысында**

Жаңа Конституция жобасын түсіндіру мақсатында аудан ардагерлерімен кездесу өтті. Жиын барысында «АМАНАТ» партиясы Зайсан аудандық филиалының төрағасы Болатбек Балғабайұлы Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің мәні мен маңызын жан-жақты түсіндіріп, ұсынылып отырған бастамалардың ел дамуына тигізер әсеріне тоқталды.



Кездесудің басты тақырыптарының бірі – алдағы жалпыхалықтық референдумның маңыздылығы болды. Спикерлер әрбір азаматтың таңдауы мемлекет болашағына, саяси жүйенің жаңғыруына тікелей ықпал ететінін атап өтті. Конституциялық реформалар елдегі басқару тетіктерін жетілдіруге, әділетті қоғам қалыптастыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталғаны айтылды.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрсынхан Молдаханов сөз сөйлеп, аға буын өкілдері – ардагерлер ел тағдырына қатысты маңызды шешімдерге бей-жай қарамайтындарын жеткізіп, ұсынылған өзгерістер жөнінде өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Кездесу ашық әрі мазмұнды диалог форматында өтті. Қатысушылар көкейдегі сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Мұндай жүздесулер қоғамда құқықтық мәдениетті арттырып, елдік мәселелерді бірлесе талқылауға жол ашады.

Жалпы, конституциялық реформа – мемлекет дамуының жаңа кезеңіне бастайтын маңызды қадам. Сондықтан алдағы референдумға белсенді қатысу – әр азаматтың ортақ жауапкершілігі.

**АРДАБЕК АҚБАБА.****ХАБАРЛАНДЫРУ**

**Зайсан аудандық мәслихатының кезекті сессиясы 2026 жылғы 18 наурыз күні, сағат 11.30- да өткізіледі. Тұрақты комиссиялар отырысы сол күні сағат 9.00-да өтеді.**

**Күн тәртібі:**

1. 2025 жылға арналған Зайсан ауданының бюджетінің атқарылуы туралы есепті бекіту туралы.
  2. 2025 жылға арналған Зайсан ауданының Зайсан қаласы және ауылдық округтері бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерін бекіту туралы.
  3. Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері бойынша аудандық жер қатынастары, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімдері басшыларының атқарып жатқан жұмыстары туралы.
  4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы туралы есебі.
  5. Зайсан ауданы әкімдігінің аудан аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарып жатқан жұмыстары туралы.
  6. Зайсан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұмысының жай-күйі, проблемалары, себептері мен шешу жолдары туралы. Зайсан ауданының азық-түлік белдеуін дамыту.
  7. Әр түрлі мәселелер.
- Өтетін орны: Зайсан қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі №54, Зайсан ауданы әкімдігінің ғимараты. 2-қабат, мәжіліс залы.

АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ

Е.ЗАҒЫПАРОВ

## Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы

### 1) Жобаның атауы:

– Шығыс Қазақстан облысы Сарыбұлақ кен орнында № С-310, С-1300, С-1100 бағалау тік ұңғымаларын салу бойынша топтық техникалық жоба (құрылыс және бұрғылау мерзімі).

2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:

– Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданының Қарабұлақ ауылдық округі.

Жер телімінің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:

– Ұңғыма сағасының орналасу координаттары: С-310 – 47°34'46.81462" сс 84°31'59.27484" шб, С-1300 – 47°34'35.33993" сс 84°30'16.46323" шб, С-1100 – 47°35'12.60363" сс 84°30'14.59153" шб.

3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:

– ШҚО, Зайсан ауданы, Қарабұлақ ауылдық округ Қарабұлақ а., А.Құнанбайұлы к., 12а көшесі (әкімдік ғимараты), 10.04.2026 ж. сағат 14.00.

4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

– «Тарбағатай-Мунай» ЖШС, БСН 060940004104, ШҚО, Өскемен қ., Қ.Сәтпаев даңғ., 64, 8 қабат, тел.: +7 (7232) 20-30-90, e-mail: a.tuganbayev@tbmunay.com.

5) Ықтимал әсерлер туралы есеп авторының мәліметтері мен байланыс деректері:

– «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741 ШҚО, Өскемен қ., Протозанов көш., 95 ғим., 7 т.е.б., тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pсprof@mail.ru.

6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін, Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;

– Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі;

– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:

– эл.мекенжайы: pсprof@mail.ru және a.tuganbayev@tbmunay.com;

– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 777 211 90 14.

8 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к., 12.

– ЖАБ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехта к., 19.

### Zoom конференциясына қосылыңыз

<https://us06web.zoom.us/j/89410334857?pwd=GMUMF27BkGn8IfRKOKjvWm3LZYog4j.1>

Конференция идентификаторы: 894 1033 4857

Кіру коды: 232257

## Объявление о проведении общественных слушаний

### 1) наименование проекта:

– Групповой техникий проект на строительство оценочных вертикальных скважин № С-310, С-1300, С-1100 на месторождении Сарыбулак, Восточно-Казахстанской области (период СМР и бурения).

2) список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:

– Карабулакский сельский округ Зайсанского района Восточно-Казахстанской области.

географические координаты участка и географические координаты территории воздействия:

– Координаты местоположения устья скважин: С-310 – 47°34'46.81462" сш 84°31'59.27484" вд, С-1300 – 47°34'35.33993" сш 84°30'16.46323" вд, С-1100 – 47°35'12.60363" сш 84°30'14.59153" вд.

3) место, дата и время начала проведения общественных слушаний:

– ВКО, Зайсанский район, Карабулакский с.о., с. Карабулак, ул. А.Құнанбайұлы, 12а (здание акимата), 10.04.2026 г. в 14:00.

4) реквизиты и контактные данные Инициатора:

– ТОО «Тарбағатай Мунай», БИН 060940004104, ВКО, г. Усть-Каменогорск, пр. К. Сатпаева, 64, 8-й этаж, тел.: +7 (7232) 20-30-90, e-mail: a.tuganbayev@tbmunay.com.

5) реквизиты и контактные данные составителя отчёта о возможных воздействиях:

– ТОО «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ», БИН 141140017741, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Протозанова, зд. 95, н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pсprof@mail.ru.

6) ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа (МИО) соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), для ознакомления с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний;

– Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, раздел «Общественные слушания»;

– сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО» (ГУ «УПРиРП ВКО») – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, раздел «Общественные слушания».

7) электронный адрес и номер(-а) телефона для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности:

– адреса эл.почты: pсprof@mail.ru и a.tuganbayev@tbmunay.com;

– телефоны: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 777 211 90 14

8) электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:

– территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды – РГУ «Департамент экологии по Восточно-Казахстанской области»: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12.

– МИО ГУ «УПРиРП ВКО»: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, ВКО, Усть-Каменогорск, ул. К. Либкнехта, 19.

### Подключиться к конференции Zoom

<https://us06web.zoom.us/j/89410334857?pwd=GMUMF27BkGn8IfRKOKjvWm3LZYog4j.1>

Идентификатор конференции: 894 1033 4857

Код доступа: 232257

## ҚР ДСМ СЭБК ШҚО СЭБД Зайсан ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары ауданда көктемгі тасқын кезінде атқарылатын іс-шараларды ескертеді.

### Су тасқынынан соң тұрғындардың назарына!

1. Ауланы сумен келген коқыстардан тазалау, тұрмыстық қатты қалдық тастайтын орынға шығару

2. Ауланы тазалау кезінде қолды қорғайтын заттарды пайдалану

3. Тазалық кезінде ауыз бен мұрынды медициналық бетпердемен немесе дәке байлауышымен жабу.

4. Ішуге және тамақ дайындауға тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды қолдану;

5. Бөтелкедегі судың, жарамдылық мерзімі ұзартылған азық-түліктің қорын жасау, оларды су үшін қол жетімді емес жерлерде мүмкіндігінше жоғары орналастыру.

6. Бұлақтар мен құдықтардан «шикі» суды ішпеу;

7. Өнімдерді термиялық өңдеу;

8. Ауызсу мен тамақ дайындау үшін бұлақтар мен құдықтардан суды зарарсыздандырылғаннан кейін ғана тұтыну (мысалы, қайнатыңыз, жоғары дәрежелі тұрмыстық сүзгілерді қолданыңыз). Су тасқыны кезеңінде құдықтар мен бұлақтардан қайнатылмаған су ішу қауіпті;

9. Су тасқынынан өту кезеңінде ауладағы дәретханалардың шұңқырын жер бетінен 35 сантиметрге таза емес заттармен толтыруға жол бермеңіз;

10. Су тасқыны басталғанға дейін ауладағы дәретханалардың ойықтарын тазалау (егер Сіз жеке секторда тұрсаңыз);

Жіті жұқпалы аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде (дене

температурасының жоғарылауы, құсу, сұйық нәжістің пайда болуы және тағы басқа) өзіңізді-өзіңіз емдемеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз!

Су тасқыны кезінде ішек инфекциясының пайда болу қаупі бар!

Дизентерия, сальмонеллез, стафилококпен, тағаммен улану ішек инфекциясына қоздырғыштар туғызады:

-асқазан-ішек жолының бұзылуы(іштің ауруы, сұйық нәжіс, жүрек айнуы, құсу)

-улану (қызудың көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік)

-Ауру жағдайларында ағзаның сусыздануы дамиды(терінің және шырышты қабықтың құрғауы, шөлдеу)

Инфекциялық ауыруларды болдырмау іс-шаралары

1. Тамақ жасау мен ішу үшін тек ғана бөтелкедегі немесе қайнатылған суды пайдалану

2. Тасқын сумен былғанған азық-түлікті қолданбау, азық-түлікті су болмайтын жерде сақтау

3. Қолды тамақ ішерде, дәретханадан келген соң, серуендегеннен кейін, тамақ жасар алдында сабынмен жуу

4. Шікі күйінде пайдаланатын көкөністер мен жеміс-жидектерді жақсылап жуу

Әрбір тұрғынның осы қарапайым кеңестерді орындауы жіті ішек инфекциясын ауруларын болдырмауға көмектеседі.

Ш. КАСЕНОВА,

ЗАЙСАН АУДАНЫ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ ЖЕТЕКШІ МАМАНЫ